

Байғанин аудандық мәслихатының
2018 жылғы 12 қаңтардағы №131
«Байғанин аудандық мәслихатының
2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 110
«2018-2020 жылдарға арналған
Байғанин аудандық бюджетін
бекіту туралы шешіміне өзгерістер
енгізу туралы» шешіміне өзгеріс
енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қаңтардағы №131 «Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №110 «2018-2020 жылдарға арналған Байғанин аудандық бюджетін бекіту туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5874 санымен тіркелген, 2018 жылдың 19 қаңтарда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің 1 тармағында:

«2016 жылғы» сөзі «2017 жылғы» сөзімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі сөз өзгеріссіз қалдырылсын.

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы